

Осыдан 27 жыл бұрын, 1998 жылы Ақмоланың атауы ресми түрде өзгеріп, тәуелсіз қазақ елінің арман-тілегін арқалаған жаңа Астана дүниеге келді. Содан бері бұл күн ел ертеңіне деген сенімнің символына айналды. 1994 жылы Жоғарғы Кеңес елорданы Алматыдан көшіру туралы қаулы қабылдады. Ақмоланың таңдалуына геосаяси ыңғайлылығы, көлік тораптары мен табиғи-климаттық ерекшеліктері себеп болғаны белгілі. Араға үш жыл салып, 1997 жылдың 10 желтоқсанында Президент жарлығымен жаңа Астана мәртебесі бекітілді.

Асқақтай бер, Астана!



Астананың ширек ғасырдағы қарышты дамуы тұрғындар санының күрт өсуінен байқалады. Статистикалық деректерге сүйенсек, 1990 жылдардың соңында Ақмолада шамамен 300 мыңға жуық тұрғын болған. Ал 1997 жылы ел астанасы ресми түрде көшкен кездің өзінде қала халқы 270 мыңнан енді асқан-ды. Бүгінде 2025 жылдың 1 мамырында қала халқы 1 миллион 558 мыңнан асты. Яғни қала халқы бес есе көбейген. Сарапшылар мұны «магнит-эффект» деп сипаттайды: жоғары жалақы, білім және инновациялық экожүйе талантты жастарды тартады. 2025 жылдың алғашқы төрт айының өзінде табиғи өсім 6 452 адамды құраса, көші-кон өсімі 23346 адам болды. Яғни жаңа астана болған 1997 жылдан бергі ширек ғасырда елорда халқы төрт еседен аса көбейіп отыр. Демографиялық өсім қарқыны жөнінен Астана республика бойынша рекорд жасауда. Мысалы, тек 2023 жылдың өзінде халық саны 5,11%-ға өсіп, бұл ел ішіндегі ең жоғары көрсеткіш болды. Сарапшылар қазіргі тенденция сақталса, 2030 жылға қарай бас қала тұрғындары 2 миллионнан асуы мүмкін деген болжам жасауда.

4-БЕТТЕ

ЕҢБЕК АДАМЫ



Көзге қарапайым көрінгенмен темір тұлпардың жүрегі – қозғалтқыш. Автомобиль де, ұшақ та бәрі де мотор қуатына тәуелді екені белгілі. Ат арбадан бастап қазіргі заманға дейін жеткен күрделі қозғалтқыштар көліктің қуатын арттырды. Әсілінде, техника болған соң бұзылмай тұрмайды. Әйгілі көлік құрастырушы Энцо Феррари де «қозғалтқыш – көліктің жүрегі» деген еді. Сол темір жүректі тірітіп, дәлдікпен құрастыру әркімнің қолынан келе бермесі анық.

Қозғалтқышқа жан бітірген...

Темір тұлпардың тілін білген Еркебұлан Сағатов та дәл осы ұстанымда. Ол көлік саласының кардиологы тәрізді. Алдына наукас боп келген автокөліктердің әрбіріне дұрыс диагноз қойып, ауруынан айығуына атсалысып жүр. Президент биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» дегеннен бастап, қарапайым еңбек адамына айырықша назар аударылуда. Бұл бастама сан түрлі өндіріс пен қызметке қан жүгіртіп отырған тынымсыз еңбеккерлердің қоғамдағы беделін арттыруға бағытталған. Техниканың тілін меңгеріп, қозғалтқыш құрастырып жүрген Еркебұлан Сағатов жұмысшы мамандарға деген құрметтің артып келе жатқанына куанады. Аса дәлдік пен шыдамдылықты талап ететін бұл кәсіптің қоғамда да бәсі биік.

Мотор құрастыру тек физикалық күшті ғана емес, техникалық білімді талап етеді. 28 жастағы ол қозғалтқыштың ақауын дауысынан жазбай тану, мәселесін сезіне білу ұзақ уақыт тәжірибімен келетінін айтты. – Бала кезімнен өзім де техникаға құмар боп өстім. Қызығушылығым ауылдастарымның велосипедін жөндеп беруден басталған деуге болады. Дегенмен қызыққан кәсіпке ұзақ уақыт беттей алмай жүрдім. Бір күні достарымның көлік жөндеу орталығына жұмысқа орналастым. Қысқа уақыт ішінде шеберханада маман боп қалыптастым, – дейді ол. Ең бірінші қайта жинап шыққан қозғалтқыш моделі тайота көлігі. «Қарбалас заманда қазір ешкім өз көлігін жөндемейді. Көбісі мамандарға алып барады»

деген сөзінен оның бір сәт те бос уақыты жоқ екенін аңғардық. Сол қарбаластың арасында бізбен әңгімелесіп, жұмысын таныстырып та үлгерді. Бүгінде шеберханаға келген жас мамандарға жол көрсетіп, өзі де үйренуден жалыққан емес. – Мотор тірі организм сияқты. Әрқайсысының мінезі бар. Әр дыбысын тыңдап, әр дірілін сезу қажет. Қозғалтқыш құрастыру бойынша үздік маманға айналуды алға қойған мақсатым, – дейді ол. Жұбайы Айдана Шаматпен бірге 3 бала тәрбиелеп отырған ол кез келген істі бастағанда талапшылығымен әрі еңбекқорлығымен көзге түседі. Болашақта жеке көлік жөндейтін шеберхана ашу мақсаты бар екенін де жасырмады.

Думан КЕҢШІЛІК



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

5 шілде
сенбі

№49 (2162)

2025 жыл

апталығы

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

БАСПАНА БАҚЫТЫНА БӨЛЕНДІ



Сырдың сол жағалауынан салынған 60 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді. Салтанатты жиынға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларға пәтер кілтін табыстады. Рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

– Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына 4 мыңға жуық пәтер, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға пәтерлер сатып алынып, 9 мыңға жуық отбасы үйлі болды. Биыл ұлтымиздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдығы

кең көлемде аталып өтуде. Мерейлі жыл аясында сәулеті келіскен әсем де замануи ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне айналуда. Бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 50 млрд теңге бөлініп, 2 765 пәтер табысталады, – деді облыс әкімі.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

– Соңғы жылдары Қызылорда облысында өңдеу өнеркәсібі 18,2%-ға артып, шағын және орта бизнестің үлесі 21%-дан асты. Жылына 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылуда. Бүгінде 65 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді. Мұнда 121 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Кәсіпкерлерге қайтарымсыз гранттардан бастап, жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік субсидиялар беру арқылы инвестициялық, қаржылық, инфрақұрылымдық қолдау көрсетілуде. Биыл жеке кәсіпкерлікті қолдаудың барлық көзінен 30 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылды.

Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын

кедергісіз несиелендіру мақсатында бизнес субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру жүйесін енгізуді көздейтін заңнамалық актіге қол қойды. Бұл – кәсіпкерлерге үлкен қолдау. Енді бизнес өкілдерінің екінші деңгейдегі банктерге кепіл ұсыну мүмкіндігі болмаса, оған арнайы кепілдік қорының қаржыландыруы арқылы қол жеткізе алады.

Баршаңызды алдағы уақытта да өндіріс әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай еңбек етуге, мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуға шақырамыз. Аймақтық конкурстың жеңімпаздары республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрініп, Сыр өңірінің мерейін үстем етеді деп сенеміз!, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Байқауға қатысқан 67 тауар өндірушінің 9-ы жеңімпаз атанды. «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша тыңайтқыш өндірісі саласындағы «Агрохимсервис», цемент өндірісіндегі «Компания Гежуба Шиели Цемент» және шыны өнімдерін шығаратын «Орда Гласс ЛТД» серіктестіктері жеңімпаз атанса, «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша «Асыл дән LTD», «Таң LTD» күріш өндіруші серіктестіктері, «Әль Баракат Дистрибушн» жартылай фабрикат өндіруші серіктестігі марапатталды. «Панабек», «Сыр жиназы KZ», «Арт-групп Сервис» серіктестіктері «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясын жеңіп алды.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы. Қай кезеңде болсын, мемлекеттің даму сатысында мәдениеттің орны ерекше. Сыр өңірі ұлттың

ғибратты ордасы болса, мәдениеті, тіл мен салт-дәстүрі өнегенің алтын қазығы. Қызылорда қаласы иісі қазаққа алғашқы астана атымен танылған мәдениет пен өнердің, әдебиет пен ғылымның рухани орталығы болуымен құнды. Алты Алаш қадір тұтқан бас шаһардың бұл күнде сәулеті айшықталып, мәдени нысандар көбейіп, рухани, танымдық шаралар кең ауқымда өткізілетін мерейлі мекенге айналды. Бас шаһарда мазмұнды іс-шаралар өткізу, дүйім елге насихаттау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құзырында.

Мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұра



нысанын қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар аз емес.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмахановтың айтуынша, бөлімге қарасты қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдар, орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, мәдени-демалыс паркі, тарихи музей, жастар театры халықтың рухани, танымдық көкжиегін кемелдендіруде, жаңалық пен жақсылықтың жаршысы болуда еселі еңбек етіп келеді.

Биылғы жылдың 6 айында қала бойынша 525 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, көрерменнің ықыласына бөленген. Қазақылқтың қаймағы бұзылмаған Сыр елі өзге өңірлерге үлгі болып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау және дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарып келеді. Нәтижесінде мемлекеттік мекемелердің құжат айналымы түгелімен ана тіліне көшкен. Сонымен қатар қала көшелерінің атауын жүйелеп, заманауи қалыпқа келтіріп, оларға елге еңбегі сіңген тұлғалар мен жер-су аттарының есімін беру мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің міндетінің бірі.

– Қалалық ономастика жұмысшы тобының қызметін үйлестіріп келеміз. Қалада комиссия шешімімен нақтыланған 1279 және қалаға қарасты ауылдық округтерде 449 көше бар. Республикалық ономастика комиссиясы 48 ардагердің есімін бекіту туралы оң қорытынды берді. Оның ішінде 17 ардагердің есімі ауылдық округтен бекітіліп, талапқа сай QR-код енгізілген тақтайшалар жасаланды.

Бөлім тарапынан жарнама және тіл тазалығына қатысты мәселелер қадағаланып, тексеру тұрақты жүргізілуде. Мекемелерге, кәсіп иелеріне, жазбаша ескерту хаттар мен маңдайша жазулар, басқа да көрнекі ақпараттың мәтінін жазу және орналастырудың үлгісі беріліп, түсіндірме жұмысы жүргізілуде. Қаладағы мейрамхана мен жылдам әзірленетін домхананың 89,9 пайызы ас мәзірін қазақ тілінде ұсынады, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінде екі ғасырдан астам тарихы бар Қызылорда қаласында 85 тарихи-мәдени мұра мемлекет қорғауына алынған, оның 4-і республикалық, 34-і жергілікті маңызы бар тарих пен

мәдениет ескерткіштері. 47 нысан тарихи-мәдени мұра тізіміне алдын-ала енгізілген. Бүгінде жекеменшікте 10 нысан бар.

Қалаға қарасты клубтар да халыққа рухани демалыс сыйлау мақсатында мазмұнды шаралар өткізуде белсенді. Клуб үйлерінің ұйымдастыруымен 305 мәдени шара өткен. Кент пен ауылдық округтердің мәдениет орындары ауқымды мәдени шаралар өткізіп, өз өнерлерін паш етуде. 15 мыңнан астам ауылдықтарға қуаныш сыйлаған 158 мәдени шара өтуі соның дәлелі.

Ал «Адал адам – мәдени-тәрбие орталығы» жобасы рухани тәрбиенің өзегіне айналғанына куә боп келеміз. Бұл тақырыпты қамтыған 190 іс-шара өткізіліп, ұрпақ тәрбиесі үшін мазмұнды кездесулер өтті.

Үйірменің үйретері көп екені сөзсіз. Қаладағы мәдениет үйлері мен клубтарда 99 үйірме тұрақты жұмыс істеп, би, сурет, тігін және өзге де өнерге қызығушыларды баулиды.

Сондай-ақ «Мереке-Думан» халықтық әзіл-сықақ отауы, «Сықырлы айна» халықтық балалар қуыршақ театры, «Сырлы саз» халықтық этно-фольклорлық ансамблі және «Қожабекөвтер» халықтық отбасылық ансамблі қала халқына өнерлерін көрсетіп, сахналық қойылымымен тәнті етуде.

Кітапхана – білімнің қайнар бұлағы

Білім байлық пендедегі жарасым, Көтерейік оның биік бағасын. Не керектің іздесеңіз барлығын, Жақын досың кітаптардан табасың. Бізді жақсы жолға апарар жетегі, Ол болмаса өмір мәні кетегі.

Ғасырлардан ғасырларға жеткізген,

Кітапхана кітаптардың мекені, – деген жыр жолдары бізді кітаптар әлеміне еріксіз тартады. Шынында, кітапханашы рухани қазынаның иесі. Қаладағы 21 кітапханада үздіксіз тағылымдық кештер, кездесулер, салтанатты шаралар өткізіледі. Кітапқа қызығушы оқырман санының өсуі асыл қазынаға деген ел құрметінің еселенуінің дәлелі. Бүгінде оқырмандар сұранысына сай кітап қоры – 647 051, қазақ тіліндегі кітап саны – 264 487. Биылғы алынған жаңа әдебиеттер саны – 659, оның 456-сы ана тілімізде.


Жанға жайлы демалыс орны

Қалалық мәдени-демалыс паркі жақында қайта жанырып, сәулетті кейіпке енді.

Қалалықтарға керемет демалыс сыйлайтын мәдениет орны 3954,3 шаршы метрге ғимараттар мен бетон скейтпаркі, 23815,7 шаршы метрге қоғалдандыру жұмысы, 2 122 шаршы метрге қылқан жапырақты екпелер және 544 дана ағаштар отырғызылған.

Бетонды скейтпарк, 20-ға жуық жас ерекшеліктеріне қарай аттракциондар, кафе ғимаратын орналастыруға арналған алаң және балалар ойын алаңы бар. Айналма дөңгелектің жанында және аттракциондар паркінің орталық алаңында фуд-корт аймағы орналастырылған.

Сол секілді арнайы воркаут алаңы, үстел теннисі орындары, демалуға арналған алаңдар, жапон бағы, футбол алаңы, барлық



аумақта субұрқақтар орнатылған. Ашық аспан астында мәдени қызмет көрсетуге және концерттік бағдарламаға 100 адамға арналған амфитеатр сахнасы демалыс орнының ажарын ашып тұр.

Ғасыр тойының салтанаты

Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-ның астанасы болғанына 100 жыл толуына арналған мәдени шаралар биылғы жылдың кәделі сыйы болды. Түп тарихында үш дәуірдің астанасы болған, одан бері кешегі XX ғасырдың басында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы Ақмешітте өткен алқалы жиында бас қаланың аты Қызылорда болып өзгертілгені, сонымен қатар Алаш зиялыларының бастамасымен ұлтымызға «қазақ» атауы қайтарылғанына биыл 100 жыл толып отыр. Қай заманда да қазаққа құтты ұя болған байырғы мекенде атаулы жылда іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылғаны көңілге қуаныш сыйлап, мәртебемізді көтере түсті.

Ігілікті шараның шымылдығы жыл басында өткізілген «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем!» атты мәдени-көпшілік шарамен ашылды. Наурыз мерекесіне орай тігілген киіз үйлер алдында көрмелер мен салт-дәстүр қойылымы сахналанды. Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-ның астанасы болғанына 100 жыл толуына арналған «Жауһар жәдігер» атты облыстық қолөнер шеберлерінің көрме-байқауы да келушілерді тәнті етті.

Аймақ басшысы Айбарша, Айбике, Айбибі есімді үшемнің тұсауын кесіп, бүлдіршіндердің жаңа өмірге тәй-тәй басқан қадамына ізгі тілегін білдірді.

Сонымен қатар «Түйе палуан» сайысы және ұлттық спорттың басқа да түрінен жарыс өтті. Үш мыңға тарта көрермен қатысқан мерекелік басқосу отандық эстрада жұлдыздарының және жергілікті өнерпаздардың мерекелік концертіне жалғасты.

Сонымен қатар А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Қызылорда қаласының Қазақ АКСР астанасы атанғанына 100 жыл толуына арналған дәстүрлі республикалық «Көктем нұры» оқушылар айтысы өтті. Қала әкімдігінің қолдауымен биыл 11-ші мәрте байрағын желбіреткен жыр додасының жас ұрпақтың шығармашылығын арттыруда маңызы зор.

Сөз сайысын белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ақжол Түменбай жүргізсе, кіл жүйріктен шын жүйрікті анықтау міндеті белгілі айтыскер ақын, «Құрмет» орденінің иегері Мамыр Байдәулетов, педагогика ғылымдарының магистрі, ақын Айнагүл Әбуова және талантты ақын Қайнар Алағөзовке жүктелді.

Сыр елінің жас ақындарымен қатар Абай, Ұлытау және Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарынан келген жас таланттар Қызылорданың Қазақ АКСР-ның астанасы атанғанына 100 жыл толуы, аймақтың күн сайын көркейіп жатқаны тұрғысында сөз өрбітіп, қағытпа қалжыңдарымен бір-бірін қамшылап отырды.

Жыр додасының қорытындысымен бас жүлдені жеңіп алған Жамбыл облысының ақын қызы Інжу Жаңабайды қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов марапаттап, айтысты тапжылмай тамашалаған көрермен мен жас ақындарды баулыған жетекшілеріне шынайы ризашылығын білдірді.

Алуан-алуан жүйрік кеп, жалынды жырларымен аймақ ажарын, тарихын насихаттаған дәстүрлі «Көктем нұры» республикалық оқушылар айтысы көптің көңілінен шықты.

Тұғырлы мереке құрметіне «Ғасыр сөйлейді» атты тарихи-танымдық шара өтті. Қалалық жастар театрының әртістері сахналаған қойылыммен басталған тарихи-танымдық кешті ашқан қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев тарихи әділдік орнаған қаланың сол әділдік туын төмендетпей, тәуелсіздіктің арқасында қарыштай дамып, күннен-күнге жаңарып, заманауи үлгіде қайта түрлене түскенін, шаһарымызды және оның терең тарихын мақтан тұту керектігін атап өтті.

Шара барысында бәсі биік мерейтой аясында ел дамуы жолында елеулі еңбек еткен ардақты азаматтарға арнайы сый-құрмет көрсетілді.

2005 жылы қала әкімі болып, Қызылорданың астана болғанына 80 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде ұйымдастырған білікті басшы, мемлекет және қоғам қайраткері Айтбай Көшербаев сөз алып, қала дамуындағы оң өзгерістерге жоғары баға беретінін, қаламыздың өсіп-өркендей беруіне тілектестігін білдірді.

АЛТЫН БЕСІГІ

Шара барысында сөз алған белгілі режиссер-сценарист, Тұран сыйлығының иегері, калалық жастар театрының көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов Қызылорда тек астана ғана емес, елдің рухани ордасы болып, кәсіби ұлт театрының негізі осында қаланғанын тілге тиек етсе, белгілі ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мынжас шаһар тарихынан сыр шертетін тың деректі ортаға салып, келелі ой айтты. Қызылорда облыстық тарихи мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ергазы Алданазаров қаладағы көне ғимараттардың тарихына тоқталды.

Тарихи-танымдық кеш барысында Махмұтбай Әміреевтің сөзіне жазылған Төңірберген Қалауовтың әні «Қызылорда вальсі», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», Рамазан Таймановтың «Қызылорда» әндері шыркалып, бір топ жастардың Қызылордаға арналған өлеңдерін оқыды.

Ғасырлық мерейтой облыстық өнер байқауымен жарасымды жалғасын тапты. Жаңақорған ауданының «Арайлы Ақмешітке – Қаратаудан қоңыр саз» атты концерттік бағдарламасымен басталды.

Шараға арнайы қатысқан «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы А.Есмаханов, Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Б.Нұридинов, калалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Тәжмаханов байқаудың мәні мен мазмұнына қысқаша тоқталып, Қаратау бөктерінен келген көркемөнерпаздарға сәттілік тіледі. Қызылорда төрін думанға бөлейтін облыстық өнер байқауына КСРО мәдени-ағарту ісінің үздігі, мәдениет саласының ардагері, белгілі тележурналист Тілеген Бекарыстанов бастаған кәсіби мамандар қазылық жасауда.

Қараөзек ауылдық клубының ұйымдастыруымен Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-ның алғашқы астанасы болғанына 100 жыл тоуына орай «ҚЫЗЫЛОРДА – ЖАСТАР МЕКЕНІ» атты облыстық жайдармашылар ойындарында ауыл әкімінің кубогы сарапка салынды.




Сайыста 5 команда бақ сынады. Көрерменге қағытпа калжың сыйлаған кешті «Жайдарман» ойындарының вице-чемпионы, «Үздік ойыншы» Әліби Басаров жүргізді. Тартысқа толы сайыстың жүлделі ІІІ орнын «Политех» құрамасы (Қызылорда қаласы), ІІ орынды «Орда» құрамасы (Қызылорда қаласы), І орынды «Мардан ұландары» құрамасы (Жалағаш ауданы) иеленіп, жеңімпаздар кубокпен және қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Жұлдызды шаралар керуені калалық қоғамдық даму бөлімі ұйымдастырған «Қызылорда – тарихы терең қала» атты үздік мектеп оқушыларына тарихи орындарға танымдық экскурсия ұйымдастырумен жалғасты.

Саяхат барысында оқушылар ғасырлық тарихы бар теміржолшылар клубының ғимаратын көріп, бұл нысанның 1924-1990 жылдары теміржолшылардың мәдени-демалыс орны болғанын білді. Клуб сол дәуірдегі жұмысшылардың рухани орталығы болған. Келесі аялдама – Қызылорда теміржол вокзалы. Бұл ғимарат 1905 жылы салынған және әлі күнге дейін өз қызметін атқарып келеді. Вокзал қаланың дамуына үлкен үлес қосқан стратегиялық маңызды нысан.

Бұрынғы казарма, қазіргі көркемсурет галереясы – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында әскери мақсатта салынған. Қазіргі таңда бұл ғимарат қылқалам шеберлерінің шығармашылығын дәріптейтін көркемсурет кеңістігіне айналып отыр.

Оқушылар Сырдарияның сол жағалауында орналасқан Қызылорда қаласының тарихи музейімен танысты. Қызылорда қаласы Қазақ АКСР астанасы болған тұста 1925 жылы 12 сәуірде Қазақ Орталық Атқару комитетінің қаулысымен осы ғимаратта халқымызға қазақ атауы ресми түрде берілді.



Экскурсия барысында Қызылорда астана болған жылдар туралы тың деректер ұсынылды. Сол уақыттағы саяси, мәдени және білім беру салаларындағы маңызды оқиғалар, қазақ зиялыларының қызметі туралы мағлұматтар да қамтылды. Сонымен қатар оқушылар тарихи жәдігерлерді тамашалап, интерактивті экспозициялар арқылы сол кезеңнің атмосферасын сезінді. Мұражайда орналасқан жәдігерлер оқушылардың отансүйгіштік рухын оятты.

Мұндай танымдық шаралар жас ұрпақтың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттырып, патриоттық тәрбиені нығайтады.

«Қызылорданың астаналық кезеңі» тақырыбында Студенттер сарайында басқосу өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, тарихшылар, ҰЕҰ, БАҚ өкілдері, ұстаздар мен жастар қатысты.

«Қазақ» атауының қайтарылып, Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай өткізілген шарада калалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев 1925 жылы Ақмешітке өткен Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің V съезінде қабылданған шешімдерге шолу жасады.

Тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайман «Қызылорданың астаналық кезеңі» тақырыбын кеңінен тарқатты. Ол Қызылорданың 1925-1929 жылдардағы республика астанасы ретіндегі рөлін, дәуірдің әлеуметтік-саяси ахуалын жан-жақты саралады. Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Ғабит Тұяқбаев «Сыр өңіріндегі қазақ зиялыларының ізі» тақырыбында баяндама жасап, Алаш ардақтыларының Қызылордада жүргізген ағартушылық және саяси қызметіне тоқталды. Басқосуда шаһардың тарихи ғимараттар, маңызы мен қазіргі жай-күйі, архив құжаттары туралы кеңінен айтылды.

Қызылорданың ел тарихындағы орны айрықша. Бұл қаланы ұлт руханияты мен мемлекеттілігінің алтын бесігі десек артық айтқандық емес. Өйткені шаһарда тұнғыш қазақ драма театры құрылып, сахна төрінде Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сынды тұлғалардың шығармалары қойылды. 1925 жылы Қазақ халық ағарту институты Қызылордаға көшіріліп, оған Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Мұқанов, Темірбек Жүргенов, Телжан Шонанов секілді зиялы қауым өкілдері дәріс берді. Ал Сәкен Сейфуллин 1927-1928 жылдары осы оқу орнында басшылық қызмет атқарды. Жиын соңында қатысушылар Қызылорданың тарихи кезеңдерін зерттеу бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды. Қызылорда қаласының тарихи музейінің ұйымдастыруымен «Өшпесін тарих шырағы» тақырыбында өткен іс-шарада жас ұрпақ жадына түйер тағылымды дүние аз болмады.

Тағылымды-танымдық жиын «Ғасырлық тарихтың куәсі – қазыналық мекен» тақырыбындағы тарихи экспонаттар мен маңызды құжаттар қойылған архивтік көрмемен басталды. Қатысушылары залда қойылған экспозициялармен танысып, арнайы әзірленген деректі фильмді тамашалады. Шараны Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Бақытжан Бауыржанұлы ашып, қазақтың бас қаласы болған мекеннің ұлт болып қалыптасудағы өзіндік маңызы мен геосаяси артықшылықтарына тоқталып өтті.

Жиын барысында Қызылорданың астана болу кезеңдеріндегі орын алған елеулі оқиғалар сараланып, қазақтың ертеңіне бағытталған өзгерістер мен тарихи маңызы

мәліметтер

айтылды.

Шара соңында

ұсыныс-пікірлер

айтылып, қатысушылар

өзара дискуссия алаңында сұрақ-жауап алмасты.

Өнегелі істі үйлестіріп, мерекелік мезіретті кең көлемде ұйымдастырып, қала тынысын ашуға тынымсыз еңбек ететін калалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызу жұмысы халықтың көз алдында атқарылып, елдің ықпалына бөленуде. Уақытпен санаспайтын сала өкілдері елдің қуанышымен ортақтасып, қала өміріндегі мерейлі сәттердің куәгері болып, тарихтың тағылымын қалалықтарға насихаттап отырады. Жақсылықтың жаршысындай, тарихи кезеңнің тамыршысындай, руханияттың жанашыры болып, қоғамға ұлағат шуағын сыйлап отырған сала өкілдерінің жұмысына толағай табыс тілеп, алғаусыз алғысты жырмен жеткізбекпіз.

Арман қала, асыл қала, бақ қала,

Күллі елге болған алғаш Астана.

Екі ғасыр шежіресін тұғырлап,

Ойып жазған атын алтын тақтаға!

Терең тарих қойнауымен сырласқан,

Жеңісіне куә болған нұрлы аспан,

Жаңа қоғам қолдауымен жаңарып,

Толағайлы табыстармен шынды асқан.

Жасарған да, жайнаған да, жанарған,

Орындалған сұлу Сырда сан арман.

Көшелері қайта түлеп, жаңғырған,

Гүлзарлары хас сұлулай таранған.

Жарқырайды жастарының жанары,

Болашаққа еркін қанат қағады.

Желбіретіп тәуелсіз ел байрағын,

Сыр шаһары шеру тартып барады!

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 32 бабына сәйкес 2 жылға әскерге шақыруға:

- медициналық мамандықтар (жалпы дәрігерлік тәжірибе)
- мотоатқыштар әскері;
- қаржылық қамтамасыз ету;
- артиллериялық әскерлер мамандықтары бойынша

29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер мен 32 жасқа дейінгі медициналық қызметтің запастағы офицерлерін әскери қызмет өткеруге іріктеу жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда көрсетілген мамандығы бар запастағы офицерлер Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына (горовоенкомат), Шүкіров көшесі 101 А үй, №127 кабинетке, тел: 24-50-22, 87780726857 хабарласуларыңызға болады.

Әлеуметтік кепілдіктер:

- медициналық мекемелерде медициналық қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады;

- киім-кешекпен жабдықтау нормалары;
- тұрғын үйді жалға алғаны үшін кепілді өтемақы;
- офицерлердің ақшалай үлесі;
- көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған.

Запастағы сержанттар мен сарбаздарды келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырамыз!

Әскери қызметтің мүмкіндіктері мен артықшылықтары:

1. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер ақшалай жалақымен қамтамасыз етеді. (лауазымына, әскери шеніне және еңбек сіңірген жылдарына байланысты).

2. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерін әскери медициналық мекемелерде медициналық қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Мемлекет есебінен белгіленген нормаға сәйкес, заттай мүлікпен (киім үлгісі) қамтамасыз етіледі.

4. Тұрғын үйді жалға алу қаражаты кепілді түрде төленеді.

5. Кезекшілікті атқарған кезде, далалық шығуларда, ұшуларды дайындау және орындау кезінде, әскери эшелондарға ілесіп жүру кезінде, стационарлық емделуде болған кезде, т.б. белгіленген нормалар бойынша тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

6. Жыл сайынғы негізгі демалыстары, демалыстың ұзақтығы еңбек сіңірген жылдарына байланысты белгіленеді.

7. Еңбек өтілі бойынша зейнетке шығу.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданатын азаматтарға қойылатын талаптар:

– Қазақстан Республикасы азаматтығына ие болуға;


– Жас мөлшері он сегізден отыз екі жас және алты айға дейінгі болуға;

– әскери лауазымына сәйкес әскери есептік мамандығы болуға;

– мерзімді әскери қызметті өткерген не жоғары оқу орындарының әскери кафедрасынан оқудан өткен, Қорғаныс министрлігінің әскери оқытылған резервті даярлау бойынша мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өткен болуға тиіс.

Ниег білдірген азаматтар Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына (горовоенкомат), Шүкіров көшесі 101 А үй, №127 кабинет, тел: 24-50-22, 87780726857 хабарласуларыңызға болады.

СІБІР ЖАРАСЫ — қауіпті, жұқпалы ауру



Сібір жарасы – адам мен жануарлардың өліміне әкелетін, *Bacillus anthracis* бактериялары тудыратын жедел және аса қауіпті жұқпалы ауру.

Адам ауру малдың етін бөлшектегенде, терісін сыпырғанда, ауру малға күтім көрсеткенде, ауру малдың сүтін шикі немесе шала пісірілген етін тұтыну арқылы жұқтырады. Оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық бақылаусыз сойылып сатылған, нарықта сатып алынған тексерістен өтпеген шикі ет өнімдерімен таралатын жағдай.

Аурудың түріне байланысты адамның дене қызуы көтерілуі, тері жарасының пайда болуы, ісінуі, ауыр түрлерінде қан аралас іш өту және құсу, өкпе аурулары, жүрек әлсіздігі пайда болады.

Инкубациялық кезеңінің ұзақтығы терілік түрінде бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, сепсистік формасында 6-8 күн болуы мүмкін. Аурудың екі клиникалық түрі бар: біріншісі – жергілікті тері зақымдалуы (карбункулезді), екіншісі – сепсистік (өкпе, ішек зақымдануы) түрлері. Ең жиі кездесетіні карбункулезді түрі. Карбункулддың ең көп орналасатын жері – аяқ-қол, мойын және желке. Дер кезінде дәрігер көмегіне жүгінбеген жағдайда өліммен аяқталады. Қоздырғыш енген тері жамылғысында 2-3 күн өткен соң қызғылт немесе көкшіл түсті ауырмайтын дақ пайда болады. Сол жер қышып, теріні сәл күйдіргендей болып басталып, үдей түседі.

Бөртпе 12-24 сағат өткеннен кейін алдымен диаметрі 2-3 мм, ішінде ашық түсті сұйықтығы бар күлдірген бөртпеге айналады, уақыт өте келе оның ішіндегі сұйықтық қою түске боялып, қан араласады.

Аурудың белгілері байқалған жағдайда наукас немесе оның жақындары оны міндетті түрде ауруханаға жеткізіп медициналық көмекке жүгіну қажет. Дәрігерге дер кезінде қаралғанда және арнайы емдеу шараларын жүргізгенде дерттен толығымен жазылып кетуге болады.

Алдын алу шаралары:

- Малды ветеринариялық мекемелерге толықтай есепке қою және жыл сайын сібір жарасына қарсы малға екпе салынуы керек.
- Ауыл шаруашылығында мал ауырып қалған жағдайда, оларды мал дәрігерлеріне көрсетіп, тексерту қажет.
- Жануарларды ветеринариялық бақылаусыз союға болмайды және олардың ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтпей, рұқсат алмай сойылып, сатылуына жол берілмейді. Ауырып өлген мал өлекселері жойылады, өртеледі.
- Ауру малмен немесе мал өнімдерімен жанасқан адамдар медициналық қадағалауға алынады.
- Егерде мал сібір жарасымен ауырған болса, жануарлардан алынатын шикізаттарды дайындау, жинау, сақтау, тасымалдау жұмыстары тоқтатылады. Ауру тараған объектілер залалсыздандырылады.

Сібір жарасының ең тиімді алдын алу шарасы – жыл сайын ауруға қарсы егу (вакцина) жұмыстарын жүргізу. Аурудың жұқтырушы көзі ретінде үй жануарларды да бақылауда ұстау қажет. Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болғандықтан, жануарлардың барлығын екпемен қамтуға тырысқан жөн. Қазіргі таңда егу жұмыстары жануарларды жоспарлы тексеруден өткізу кезінде ветеринарлық мекемелерде тегін жүргізіледі.

А.АҚЖІГТОВА,

Обаға қарсы күрес станциясының дәрігер-бактериологы

Асқақтай бер, Астана!



Астана халқы санының күрт артуына бірнеше фактор әсер етті. Ең алдымен, барлық өңірлерден еңбекке қабілетті жастар, мамандар легі Астанаға ағылды. Жаңа мүмкіндік іздеген азаматтар елорданың құрылыс, мемлекеттік басқару, білім беру, медицина, қызмет көрсету сияқты салаларында жұмыс істеуге ұмтылды. Астана «армандар қаласы» ретінде талай жастың тағдырына оң өзгеріс әкелді. Елдің түкпір-түкпірінен келген қазақ жастары бас қалада білім алып, қызметке тұрды, осылайша қаладағы қазақтардың үлесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері 17%-дан қазіргі уақытта 82%-ға дейін өсті. Бұрын орыс тілді қала саналған елорда ұлттық бояуы қанық, қазақы келбеті басым мегаполиске айналды.

Жалпы, жаңа астана экономикалық өсу нүктесі ретінде еліміздің түкпір-түкпірінен ғана емес, шетелдерден де адамдар келіп қоныстанатын «магнит қала» мәртебесіне ие болды.

Мемлекет Астана халқының өсуін ескеріп, қала инфрақұрылымын ұдайы дамытуда. Жаңа тұрғын үйлер көптеп салынып, шағын аудандар пайда болуда. Жиырма жылдан астам уақытта елордада мыңдаған көпқабатты тұрғын үй бой көтеріп, қаланың аумағы еселеп кеңейді. Халық саны артқан сайын әлеуметтік нысандар: мектеп, балабақша, аурухана саны да көбейіп келеді. Дегенмен демографиялық өсім кейбір салаларда қиындықтар туындатпай қоймады: тұрғын үйге сұраныс, мектептердегі оқушы орындарының жетіспеушілігі, жол инфрақұрылымына түсетін жүктеме артты. Бұл мәселелерді шешу үшін соңғы жылдары арнайы бағдарлама қабылданып, елорда бюджетінен едәуір қаржы бөлінуде.

Астана халқының өсу динамикасы ел дамуының көрінісі іспетті. Миллионнан аса тұрғыны бар жас қала өмір сүруге қолайлы заманауи мегаполиске айналды. Демографиялық әлеуеті зор бас қала Қазақстанның болашақтағы экономикалық және мәдени өрлеуінің негізгі драйвері болатынына сенім мол.

Инновация және технология

Астана еліміздің инновациялық дамуының көшбасшысына айналып келеді. Цифрлы технологиялар дәуірінде елордада бірқатар тың жобалар жүзеге асуда. Соның ішінде айрықша атап өтерлігі – Astana Hub IT-стартаптар технопаркі. Astana Hub 2018 жылы ЭКСПО-2017 көрмесінің мүмкіндігін пайдалану аясында арнайы аймақта ашылып, бүгінде ТМД кеңістігіндегі ең ірі инновациялық хабтардың біріне айналды. Технопарк жанынан IT стартаптарға қолайлы экожүйе құрылды: олар үшін сылықтық және визалық жеңілдіктер, жеңілдетілген тіркеу рәсімдері қарастырылған. 10 000 шаршы метрлік ЭКСПО павильонында орналасқан Astana Hub аймағында жас кәсіпкерлерге кеңселер, зертханалар, акселерация және инкубация бағдарламалары ұсынылады. Бұл жерге шетелдік инвесторлар мен менторлар

тартылып, Қазақстанды Орталық Азияның «Силикон алқабы» ету мақсаты бар. Нәтижесінде қысқа уақыт ішінде мұнда 1500-ден астам IT-компания мен стартап тіркеліп, олардың 150-і жасанды интеллект бағытында жұмыс істеуде. Astana Hub негізінде AI Incubator және Seed Money сынды бағдарламалар іске қосылып, қазақстандық стартаптар шетелдерден инвестиция тарта бастады.

Жасанды интеллект (AI) саласы Астана үшін стратегиялық бағыттардың біріне айналды. 2024 жылы Астанада халықаралық ale.m.ai жасанды интеллект орталығының құрылысы басталды. Үкімет ұсынған жобаның мақсаты – Қазақстанды AI технологиялары дамыған елдердің қатарына қосу және Астананы Орталық Азиядағы жетекші жасанды интеллект хабына айналдыру. Жоспарға сәйкес, бұл орталықта жыл сайын 1000-ға жуық AI маманы дайындалып, кемінде 100 жаңа стартап жобасы іске қосылмақ. Сонымен бірге орталық жанынан мектеп оқушыларына арналған бағдарламалау және робототехника бойынша TUMO мектебі, ересектерге арналған тегін Tomorrow peer-to-peer AI мектебі ашылып, халықтың цифрлық сауатын көтеру көзделген.

Елордадағы цифрландыру үрдісі тек IT саласын қамтып қоймай, қаланың инфрақұрылымын да өзгертуде. Астана әкімдігі «Smart Astana» тұжырымдамасы аясында қалалық қызметтерді цифрландырып, тұрғындарға қолайлы сервистерді енгізуде.

Мысалы, қоғамдық көлікте электронды төлем жүйесі, «ақылды» аялдамалар, бірінғай

109 қызмет көрсету coll-орталығы, коммуналдық қызметті онлайн төлеу, қалатынысын бақылау орталығы сияқты жобалар жүзеге асты. 2025 жылы Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің G42 компаниясымен бірлесіп AI негізіндегі смарт-сити жүйесін енгізуді бастады. Бұл жоба аясында қала бойынша 14 000 камера орнатылып, жол қозғалысын қадағалау, қоғамдық қауіпсіздікті бақылау толықтай цифрлы платформаға көшірілмек. «Цифрлы егіз» (digital twin) технологиясы арқылы 2030 жылға қарай Астананың цифрлық үлгісі жасалып, ол қаладағы барлық процестерді онлайн талдап, басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай озық шешімдер қаладағы жол кептелісін азайтып, төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге сеп болары сөзсіз.

Инновацияларды дамыту үшін кадрлық әлеует те күшейтілуде. Астанадағы жоғары оқу орындары IT мамандарын, инженерлерді, стартапшыларды даярлау бағдарламаларын арттырды. Astana IT University, ЕҰУ, Назарбаев Университеті жанынан инновациялық технопарктер ашылып, студенттер өз жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік алуда. Мемлекеттік органдар да цифрлық қызметтерге көшіп, «eGov» электронды үкімет жүйесі күн санап дамып келеді.

Астана бүгінгі таңда Қазақстанның инновациялық жүрегіне айналды. Мұнда стартаптар өсіп, жаңа технологиялар сынақтан өтетін экожүйе қалыптасуда. Цифрлы трансформация дәуірінде елорда өзіне жүктелген міндетті – елді озық технологиялар заманына бастау миссиясын орындап келеді. Алдағы жылдары Astana Hub негізінде «қазақ Кремний алқабы» дүниеге келіп, қазақ жастары әлемдік деңгейдегі IT өнімдер шығарады деген үміт бар. Астана инновация мен технологияның ордасы ретінде әлі талай биіктерді бағындыраы анық.

София ТЕМІРБОЛАТ



Басы 1-бетте

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициратталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3829

Тапсырыс №1116

Нөмірдің кезекші редакторы Айттолқын АЙТЖАНОВА